

«ТҰРАН-АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТИ
УНИВЕРСИТЕТ «ТУРАН-АСТАНА»

**«БІЛІМ, ҒЫЛЫМ, ИННОВАЦИЯ –
ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ ҮЛЕСІ»**
атты жас ғалымдар, магистранттар мен студенттердің жооаралық
ғылыми-тәжірибелік конференциясының
материалдары
26 ақпан 2016 ж.

2 том

Материалы межвузовской научно-практической конференции
молодых ученых, магистрантов и студентов
**«ОБРАЗОВАНИЕ, НАУКА, ИННОВАЦИИ –
ВКЛАД МОЛОДЫХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ»**
26 февраля 2016 г.

АСТАНА 2016

ББК 72
УДК 001 (063)
Б 94

**БІЛІМ, ҒЫЛЫМ, ИННОВАЦИЯ – ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ
Б 94 ҮЛЕСІ»** атты жас ғалымдар, магистранттар мен студенттердің
жооаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары.
Астана, «Тұран-Астана» университеті, 2 томдық, 1 том, 2016.- 367 б.

ISBN 978-601-7871-09-3

Жинаққа 2016 жылы 26 ақпанда «Тұран-Астана» университетінде өткізілген «**Білім, ғылым, инновация – жас зерттеушілердің үлесі**» атты жас ғалымдар, магистранттар мен студенттердің жооаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары енген. Конференция материалдары ғылыми қызметкерлер, докторанттар, магистранттар және студенттерге арналған.

В сборник вошли материалы межвузовской студенческой научно-практической конференции на тему «**Образование, наука, инновации - вклад молодых исследователей**», проходившей 26 февраля 2016 года в университете «Тұран-Астана». Сборник рекомендован для научных работников, докторантов, магистрантов и студентов вузов.

ББК 72
УДК 001 (063)

Редакционная коллегия:

Джапарова Г.А., PhD, профессор; **Алиев УЖ.**, д.э.н., профессор; **Шайжанов М.К.**, к.э.н., профессор; **Толкынбаев Т.А.**, д.т.н., профессор **Аяпбергенов Б.К.**, к.филол.н, доцент; **Пягай А.А.**, д.э.н., профессор; **Искаков Б.М.**, к.э.н., доцент; **Сагиева Г.К.**, к.ю.н., доцент; **Айкенова Р.А.**, д.п.н., профессор; **Аманжолов С.А.**, д.п.н., профессор; **Абдыбаева Г.З.**, к.э.н., доцент; **Барсукова Р.А.**, к.ю.н., профессор; **Танирбергенова А.Ш.**, к.п.н., доцент; **Тулегенова Ж.У.**, к.э.н., доцент; **Мансуров К.Ж.**, руководитель РИО.

ISBN 978-601-7871-09-3 (1том)
ISBN 978-601-7871-08-6 (обш)

© «Тұран-Астана» университеті, 2016

<i>Токтарова.М.Н. , Тұрғанбаева Б. Ш.</i> Қазіргі білім беру жүйесінде рухани – адамгершілік тәрбиені жүзеге асыру – қоғам қажеттілігі	281
<i>Шарипова О. Б., Тореханова Ж.</i> Дарынды балалармен жұмыс істеудің педагогикалық және психологиялық шарттары	284
<i>Хасенова А.М.</i> Отбасындағы адамгершілік тәрбиесінің ерекшеліктері	288
<i>Хасенов О.Г., Шахметова Д.С.,</i> Некоторые аспекты профессиональной подготовки педагогов к работе с одаренными детьми	289
<i>Хитрякова А. И.</i> Проблема недостатка мотивации у студентов	293
<i>Шахметова Д.С., Саіран А.Б.</i> Проблема стресса в психологии	295
<i>Shakhmetova D.S., Zhandilda B.K.</i> Multilingual education in Kazakhstan	298
<i>Шүлембаева З.М.</i> Мектептегі эстетикалық тәрбиенің негізгі бағыттары және олардың ұлттық ерекшеліктері	300
<i>Аджибаева Б.Ж., Шахметова Д.С.</i> Адаптация иностранных студентов в медицинском вузе: психолого-педагогический аспект	302

«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ МЕН СЕРВИС САЛАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ» секциясы
Секция «РАЗВИТИЕ СФЕРЫ ТУРИЗМА И СЕРВИСА В КАЗАХСТАНЕ: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ»

<i>Алдабергел Шынар Талғатқызы., Абдунурова А. А.</i> Мейрамхана бизнесіндегі жаңа технологияларды қолдану келешегі	306
<i>Алигазинова З.Е., Атикеева С.Н., Муканова Б.Ш, Туленов М.С.</i> Туризм как перспективная отрасль национальной экономики	309
<i>Алтамьс F.T.</i> Қазақстандағы сервистік қызмет көрсетудің қазіргі жағдайы және жетілдіру жолдары	312
<i>Аманкосова Ф.С.</i> Қоршаған ортаны қорғау аясындағы қызметтерді лицензиялау	316
<i>Баймағанбетова К.Т.</i> Қазақстандағы ішкі туризмді дамытудың мүмкіншіліктері	319
<i>Баймурзаева М.Б.</i> Туризм саласындағы географиялық топонимдер	321
<i>Бакиш И.М., Абдунурова А.А.</i> Эффективное управление ресторанным бизнесом как залог конкурентоспособности предприятия	324
<i>Тасқұлова А.Қ., Кенжегарина Г.</i> Оқушылардың қазақ тілін меңгеруде туризм және өлкетану арқылы уәжтарын жоғарлату	327
<i>Демеев А.Б.</i> Туристу о географических названиях	329
<i>Ербөлекова А.А., Науашева А.А., Абдунурова А.А.</i> Қазақстан Республикасындағы қонақүй бизнесінің даму болашағы	332
<i>Жақұпов А.А., Мазбаев О. Б., Мусабаева М. Н., Жилгильдинов С. Е.</i> Павлодар облысындағы демалыс пен туризмнің бәсекеге қабілетті түрлерінің үйлесімді кешені	335
<i>Жексембиев Н. Б.</i> Мировые тенденции развития туризма	338
<i>Молданиязова Б. Т., Темірланова А.М. , Никитинский Е.С.</i> Зарубежный опыт развития социально-культурного сервиса и туризма	341
<i>Ильясова Ж. Е.</i> Административный процесс: вопросы теории и практики	343
<i>Нурханов М.А.</i> Өлкетану материалдары негізінде оқушыларды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу	347
<i>Оңғарбаева Т., Құрбан Жадыра., Қаирбай Амантай., Умралиева Б.И.</i> Заманауи жарнамадағы қыз ибалылығының орны	349
<i>Орынбекова Ж.Қ., Балтабекова М.М.</i> Қазақстан Республикасында «5 TOWNS ПАРАФИН МҰРАЖАЙЫН» құрудың туристік әлеуетті арттырудағы қажеттілігі	355
<i>Рахимбеков Б. К., Никитинский Е.С.</i> Формирование евразийской культуры личности средствами активных видов туризма	357
<i>Чилдибаева А.Ж, Қуатбаев А.Т., Назарбекова С.Т.</i> Экологиялық тәрбие және білім беру – қоғамның экологиялық даму негізі	361
<i>Оңал Тілеуберді., Ауантаева Жадыра., Бақытжан Нұрсана., Кубриянова Асия., Умралиева Б.И.</i> Тұран-Астана университетінің жаңа тарихқа қадамы	363

**ЧИЛДИБАЕВА А.Ж,
ҚУАТБАЕВ А.Т.,
НАЗАРБЕКОВА С.Т.**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.,
asel.childibaeva@mail.ru

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ – ҚОҒАМНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ НЕГІЗІ

Экологиялық білім беру жалпы білім берудің саласы ретінде білім алушылардың табиғат пен қоғамның өз ара әсерін ғылыми негізде игеруімен байланысты. Экологиялық білім берудің мақсаты – тұлғада қоршаған ортаның жағдайы, табиғатқа деген қамқорлықтың әр кезде де болуы үшін моралдық жауапкершілікті тәрбиелеуге бағытталған білім, көзқарастар және убеждения жүйесін қалыптастыру. Экологиялық білімнің пәнаралық құрамы оның бүкіл оқу жүйесіне әсерін анықтап, білім беру мен тәрбиенің барлық жақтарын қамтиды. Экологиялық білім берудің мазмұны пәнаралық байланыстар арқылы іске асып сәйкесінше оқу пәндерінде: тіршіліктегі табиғаттың біртұтастығы мен дамуы; табиғат және қоғам тарихының өзара әсері; тіршілік барысында табиғаттың өзгеруі; ортаның адам денсаулығына әсері; тұлғаның дамуындағы табиғаттың өнегелік-эстетикалық факторы ретінде; «табиғат-қоғам-адам» жүйесіндегі қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастыруды қарастыратын ғылыми ойларға негізделеді [1, 28 б.].

Табиғи ортаға тек тұтынушы ретінде қарау, ғаламдық экологиялық мәселелерді жете түсінбеу экологиялық білім деңгейінің төмен немесе мүлдем жоқ екенін көрсетеді. Сондықтан қоғам мен табиғаттың бірге даму принциптеріне негізделген жаңа экологиялық ойлау қабілетін қалыптастыру экологиялық білім беру мен экологиялық тәрбиені жүргізбей мүмкін емес.

БҰҰ Қазақстанды экологиялық жағдайы өте нашар елдердің қатарына жатқызады. Қазіргі таңда табиғи байлықтарды пайдалану тонаушылықпен жүргізілуде. Қоршаған ортаны қорғау туралы, ерекше қорғалатын аймақтар туралы заңдар, қажетті нормативтік-құқылық базалар, экономикалық механизмдер болғанымен іс жүзінде ол заңдар, ережелер өз дәрежесінде жұмыс істемей жатыр. Мұның бір себебі, азаматтардың экологиялық мәдениеті деңгейінің төмендігі. Экологиялық мәдениет – бұл азаматтардың экологиялық сауаттылығы, ақпараттармен хабардар болуы, табиғатты тиімді пайдаланудың нормаларын күнделікті орындау белсенділігі мен сенімділігі [2, 34 б.].

Қазіргі кезде экологиялық білім беру және тәрбие мәселелері - жалпы тәрбие беру мен білім жүйелері дамуының өзекті бағыттарының бірі. Экологиялық білімсіз қоғамдық экологиялық сана құру мүмкін емес.

Қоғамдық экологиялық сана қоғамның экологиялық проблемаларымен күресуде мықты фактор болып табылады. Мысалы, Жапония – табиғатты қорғау саясатында үлкен жетістіктерге жеткен мемлекет. 60-шы жылдардың соңындағы үлкен экологиялық қарсылықтар мемлекеттік табиғат қорғау жүйесін құруға алып келді. Ол кездегі жүргізілген саясат тек экономикалық өсуді ғана алға мақсат етіп қойып, қоршаған ортаның жайы еш ескерілмеді. 70-ші жылдардың бас кезінде қоғамдық пікірлердің қысымымен Ұлттық экологиялық стратегия іске аса бастады. Қазір Жапония экологиялық саясаты жағынан дүние жүзі бойынша алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі. 60-70-ші жылдардағы АҚШ-тағы осындай жағдай да үкіметті экологиялық проблемаларды шешуге мәжбүр етті.

Экологиялық тәрбие – бұл адамдардың сезіміне, санасына, көзқарастарына әсер ету әдістері. Ол азаматтардың саналық деңгейінің артуына, табиғатқа қарым-қатынасының өзгеруіне, табиғат ресурстарына ұқыптылықпен, үнемшілікпен қарауға, оның жай-күйіне жаны ашып қарауға, табиғи ортада өзін өнегелі ұстауға әсер етеді.

Экологиялық тәрбие қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтып бірнеше

деңгейлерде жүргізілуі керек. Жеке тұлғаның түзілуі негізінен отбасында жүреді. Сондықтан ата-ана баланың қоғамдағы негізгі мінез-құлық нормаларымен қатар, экологиялық мәдениеттің де негіздерін үйрете бастауы керек. Қазіргі кездегі жағдайлардан кейбір келеңсіздіктерді байқауға болады. Көбіне, балалардың экологиялық білімділігі ата-аналарының деңгейінен әлдеқайда жоғары. Ата-аналары мен балалары өздерінің зерттеулерінің нәтижелері бойынша, қоршаған ортаға ешқандай жамандық жасамай-ақ тіршілік ортасына белгілі бір дәрежеде зиян тигізіп жатқанымызды байқауға болады: қайта қалпына келмейтін табиғи ресурстарды оңды-солды шашудамыз, суды, ауаны ластаудамыз, көптеген тұрмыстық қоқыстарды шығарып жатырмыз. Табиғатты қорғауды өз үйінен бастауға болады – бұл суды үнемдеп жұмсау, оның ластануын төмендету, озон бұзатын заттары жоқ аэрозольдарды қолдану және т.б. Сөйтіп экологиялық мәдениеттің басы отбасында түзіле бастайды.

Одан кейінгі экологиялық тәрбиенің қалыптасуы қоғамның қатысуымен болуы керек. Бұл көбіне елдің басшыларына, олардың экологиялық мәдениетінің деңгейіне, қоршаған табиғи ортаны қорғау мақсаттарына қаншалықты көңіл бөлініп жатқанына байланысты.

Экологиялық тәрбие беруді әртүрлі жолдармен жүргізуге болады. Бұл жерде баспасөз ақпарат құралдарының (БАҚ) және қоғамдық экологиялық ұйымдардың ролі зор. БАҚ бірінші болып экологиялық қолайсыз жағдайлар туралы дабыл қағып, халықты құлағдар етіп отыруы керек. Осының арқасында халықтың экологиялық сана-сезімі өсіп, көтеріледі.

Экологиялық тәрбие экологиялық білім берумен толықтырылады.

Экологиялық білім беру – балабақша, орта мектеп, лицей, гимназия, колледждерде, жоғарғы оқу орындарында үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін жетілдіру мен ұйымдастырудың мемлекеттік жүйесі.

Экологиялық білім беру – бұл табиғатты пайдаланудың дайындау, іргелі негіздері ретінде жалпы экологияның теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту жүйесі. Ол табиғатты қорғаудың теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту жүйесі – табиғатты қорғау білімімен тығыз байланысты.

Экологиялық білім – қоршаған ортаны қорғау үшін қажетті білімді, әдетті, ептілікті, икемділікті қамтиды. Ол кәсіби мамандарды дайындауға ықпал етіп, кадрларға білім беру, оларды дайындау жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Заңдар бойынша экологиялық тәрбие мен білім берудің бәріне ортақ, кешендік және үздіксіз болуы қарастырылған[3, 217 б].

Жалпыға ортақ принципі бойынша экологиялық тәрбие мен білім беру қоғамның барлық мүшесін қамтуы керек. Экологиялық пәндерді оқыту жоғары оқу орындарының барлығында жүргізілуі керек. Алайда, жоғарыда айтылғандай, экологиялық ағарту жұмысы тек оқытумен ғана шектелмеу керек, бұл жерде баспасөз ақпарат құралдарының, қоғамдық экологиялық ұйымдардың да ролі зор.

Экологиялық тәрбие мен білім берудің кешендік принципі бойынша, әртүрлі екі процестің ғылыми негізделген әдістемелік талаптарды ескере отырып адамдардың санасына бірлесіп кешенді әсер етуі.

Үздіксіз принципі, азаматтардың, мамандардың, басшылардың кәсіби жұмысы барысында қоршаған ортаға, адамдар денсаулығына жағымсыз әсер етуіне байланысты экологиялық тәрбие және білім беру жүйесі бойынша өздерінің біліктілігін көтерудің құқығы мен міндеттерін білдіреді.

Сонымен, экологиялық тәрбие мен білім берудің негізгі мақсаты – қоғамдық сананы экологизациялау болып табылады. Экология міндеті – адамның тіршілік барысында қалыптасатын рухани ортасын сақтау. Ол өз кезегінде өмірдегі қоғамдық мәселелермен қатар, өзі тіршілік ететін ортаны басқаруды да белсенді, көрегендікпен шеше алатын жеке тұлғаның дамуына ықпал ету.

Экологиялық ақпараттар алуға және қоршаған ортаны қорғау саласында шешімдер қабылдауға қоғамның қатысуы бойынша Қазақстан қол қойған Орхус Конвенциясы халықтың экологиялық саясатқа қатысуына үлкен жол ашады[4, 4 б.].

Қазіргі таңда экологиялық дайындықтан өткен тәрбиешілердің жеткіліксіз болуына және оқу құралдары мен бағдарламалардың болмауына байланысты 323 000 бала экологиялық тәрбие беру жүйесінен шет қалып отыр. 3 млн-нан аса оқушылар оқитын республика мектептерінде экология сабақтары жүйелі түрде өткізілмейді. Оқу процесінде пайдаланатын экология пәні бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын үнемі жаңартып отыру керек және қазіргі таңдағы Қазақстандағы экологиялық проблемалардың ерекшеліктерін көрсетуге тырысу керек. Осы күнге дейін елімізде экологиялық білім берудің біртұтас бағдарламасы және экологиялық арнайы мектептер, гимназиялар, лицейлер жоқ деп айтуға болады.

Жоғарғы оқу орындарында экологиялық білім беру біршама кәсіби деңгейде жүргізіледі. Қазіргі кезде Қазақстанның көптеген жоғарғы оқу орындарында экологиялық пәндері және экология кафедрасы бар факультеттер бар. Айта кетерлігі, халықаралық талаптар бойынша эколог-мамандарды даярлауда тек жетекші университеттер ғана есепке алынады.

Экологиялық тәрбие және білім беру – қоғамның экологиялық даму негізі болғандықтан экология саласында білім беру тек экология мамандығы немесе кафедрасы және жаратылыстану факультеттері бар жоғары оқу орындарында ғана емес, техникалық, гуманитарлық салаларда да мәндетті пән ретінде жүргізілуі керек деп есптейміз.

Әдебиеттер:

1. Куатбаев А.Т. Жалпы экология. Оқулық. «Дәуір» баспасы. Алматы. 2012 ж. 376 б.
2. Захлебный А. Н., Дзятковская Е. Н., Грачев В. А. /Концепция общего экологического образования в интересах общего устойчивого развития// Вопросы современной науки и практики . 2012. № С39. С. 55-59.
3. Бим-Бад Б.М. Педагогический энциклопедический словарь. - М., 2002. 323 с.
4. Моисеев Н.Н. / Экологическое образование и экологизация образования // Экология и жизнь. 2010. №8. С. 4-6.

**ОҢАЛ ПЛЕУБЕРДІ
АУАНТАЕВА ЖАДЫРА
БАҚЫТЖАН НҰРСАНА
КУБРИЯНОВА АСИЯ**

«Тұран-Астана» университеті, Астана қ.
sana_amira@mail.ru

Жетекші – т.ғ.к., доцент **УМРАЛИЕВА Б.И.**

ТҰРАН-АСТАНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАҢА ТАРИХҚА ҚАДАМЫ

Тұран – Астана университеті ҚР университеттері қатарындағы өз орнын тапқан, білім деңгейі жоғары университеттердің біріне жатады. Біз бұл күрделі тақырыпты алғалы отырған себебіміз – жарқын да креативті логотип – төл таңбасы арқылы адамдардың назарын аударып, танымал ету арқылы университетіміздің жарқын болашағына өз үлесімізді қосу. Бүгінгі Тұран – Астана университетінің төл-таңбасының тарихы өте мол, сол шығу тарихын ұстана отырып заманауи етіп жаңа түрін шығару.

«Тұран-Астана» университеті 1998 жылы құрылып, 2004 жылы университеттің филиалы тәуелсіз мекеме «Тұран-Астана» университеті болып қайта құрылды. Тұран-Астана университеті икемділік пен академиялық еркіндік мүмкіндігін беретін, кредиттік технологияны алғашқы рет енгізген университеттің бірі. Күндізгі және сырттай оқу бөлімдері мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады. 17 жылдық тарихында Тұран - Астана университеті білім сапасын жоғарылату арқылы тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үстінде.

Университеттің өзіндік миссиясы: «Тұран-Астана» университеті – инновациялық